Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының № хаттамасы

Тасқала ауылы **“09” желтоқсан 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты **сағ. 16:00**

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 8 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Б.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, И.А.Бермуханов, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, Х.Т.Мулдашев, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов:
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. **Тасқала ауылының ауылішілік көшелеріндегі жолдың шұңқырларын бітеу жұмыстары;**

ТЫҢДАЛДЫ:

Қ.Баймагамбетов: Саламатсыздар ма! Күн тәрітібіндегі сұрақты талқылау үшін жиналып отырмыз. Сөз кезегін ауылдық округ әкімі Алғадай Жамбылұлына беремін.

Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл- Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері! Жуков, Сапаров көшелеріндегі автокөлік жолдарындағы шұңқырларды бітеу жұмыстарын жасау қажет, себебі тұрғындардан, автокөлік жүргізушілерінен өтініштер түсуіне байланысты.

Сол себепті осы мәселе бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

Ұ.Шукурова: Осы жұмысты бір көзден жасауға беруге болады емес пе?

Х.Мулдашев: «ЭлитСтройМастер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне беруге болады, себебі бұл мердігер осыған дейін де ауыл ішінде бірнеше жұмыстарды уақытылы әрі сапалы атқарған болатын және де осы жұмысқа сай техникалары бар.

Б.Бекентаева: Ия, бұл мердігермен жұмыстануға болады деп ойлаймын.

М.Залиев: Мен де қолдаймын.

А.Жамбыл: Сіздер қолдасаңыздар күн тәртібінде көтерілген сұрақ бойынша жұмысты аталған мердігерге береміз, яғни, бір көзден сатып алу жұмыстары.

Қ.Баймагамбетов: Тасқала ауылының ауылішілік көшелеріндегі жолдың шұңқырларын бітеу жұмыстарын «ЭлитСтройМастер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне бір көзден жасауға беру дауысқа салынады.

Қолдағандар- 8 адам; қарсы- 0 адам; қалыс- 0 адам.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәрітібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала ауылының ауылішілік көшелеріндегі жолдың шұңқырларын бітеу жұмыстары «ЭлитСтройМастер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілсін.

А.Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймағамбетов, жиналыс төрағасы: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Ұсыныс білдіргендеріңізге рахмет.

Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов **Қ.Баймагамбетов**

Жиналыс хатшысы Бекен **Б.Бекентаева**